

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ – САПАЛЫ БІЛІМДЕ

6-БЕТ | КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ



ТӘТТІМБЕТ ЖӘНЕ САРЫАРҚА САЗДАРЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“” Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Үкімет ел ішіндегі және шетелдегі көші-қон ағымының есебін жүргізетін бірыңғай цифрлық жүйе енгізуге тиіс. Ішкі және сыртқы көші-қон үдерісінің бақылаусыз қалуы жұрттың бәрі тұрғысы келетін ірі қалаларымыздың инфрақұрылымына орасан салмақ түсіріп отыр. Астана – соның айқын мысалы. Соңғы үш жылдың өзінде елорда тұрғындарының саны 250 мыңнан астам адамға, соның ішінде былтыр 100 мың тұрғынға көбейді. Биылғы өсім онсыз да жоғары саналатын осы көрсеткіштен асып түсуі мүмкін. Елордада халық саны ресми түрде 1,5 миллион адам болғанымен, оның инфрақұрылымы іс жүзінде күн сайын 1,9 миллион адамға қызмет көрсетеді. Басқаша айтсақ, Астана 400 мыңнан астам адамға, яғни халық саны бойынша орташа қала саналатын тағы бір шаһардың тұрғындарына пара-пар жұртқа ешқандай жоба-жоспарсыз қызмет етіп жатыр.

№139
(4883)
Сейсенбі
25 қараша
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

АСТАНАДАҒЫ МИГРАЦИЯ: БОЛЖАМ МЕН ШЕШІМ

фото: Ляззат НЫГМЕТОВА



АСТАНАҒА ӨҢІРЛЕРДЕН КӨШІП КЕЛУШІЛЕРДІҢ САНЫ ТЕЗ ӨСІП КЕЛЕДІ. ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА БЮРОСЫ (ҰСБ) ЖАРИЯЛАҒАН РЕСМИ ДЕРЕККЕ СҮЙЕНСЕК, 2025 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАЗАНЫНДАҒЫ МӘЛІМЕТ БОЙЫНША ЕЛОРДА ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ 1612512 АДАМДЫ ҚҰРАҒАН.

ГОЛОВКИН – WORLD BOXING ПРЕЗИДЕНТІ

Италияда өткен конгресте 56 мемлекеттің өкілі Геннадий Головкинді жақтап, дауыс берді. World Boxing – 2023 жылдың сәуір айынан бері жұмыс істеп келе жатқан халықаралық бокс ұйымы.

Бұған дейін Геннадий Головкин World Boxing Олимпиадалық комитетінің төрағасы қызметін атқарды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Геннадий Головкинді World Boxing халықаралық федерациясының президенті болып сайлануымен құттықтады. «Бұл – Геннадий Головкиннің ерен еңбегіне берілген лайықты баға. Даңқты отандасымыз олимпиадалық спорт түрі бойынша халықаралық федерацияны басқаратын Қазақстанның алғашқы өкілі атанды» делінген құттықтауда.

ҚОЯНДЫ АУЫЛЫНА ГАЗ БЕРІЛДІ

21 мыңнан астам тұрғыны бар елдімекеннің тұрғындары үшін от жағу, көмір тасу сияқты машақаттар артта қалды. Енді газ желісінің қауіпсіздігіне ерекше назар аударылады.

Жасанды интеллектпен жұмыс істейтін дрондар газ құбырларындағы ақауларды жылдам анықтайды. Бұл дрондар Қояндыдағы газ жүйесін тұрақты бақылап, кез келген техникалық ақауды дер кезінде хабарлайды. Биыл Ақмола облысында Нұрлы, Шұбар, Аққайың, Талапкер, Ыбырай Алтынсарин ауылдарына және Қосшы қаласына газ берілді. Келер жылы Қызылсуат, Қаражар және Қараөткел ауылдарында газдандыру жұмыстары аяқталуы жоспарланған. Әлеуметтік осал топтарға газға қосылу құнына 20%-ға дейін жеңілдік қарастырылған.

«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» ШАРАСЫ ӨТТІ

«Заң және тәртіп» қағидатын іске асыру аясында елордадағы Жүсіпбек Аймауытов атындағы №24 орта мектепте «Халық заңгері» акциясы өтті.



Іс-шара барысында қала тұрғындарына заңгерлер, адвокаттар және мемлекеттік органдар өкілдері тегін кеңес берді. Акцияның мақсаты – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және азаматтарға тегін құқықтық қолдау көрсету. «Халық заңгері» форматы қала тұрғындары үшін өте қолайлы: бір жерде бірнеше маманға бірден жүгініп, түрлі сұрақтарына жауап алуға болады. Кезек күту, артық құжат тасу мәселесі болмайды.

АҚЫЛДЫ ШЛАГБАУМ

Елордадағы №111 жалпы орта мектебінің 5-сынып оқушысы Әлихан Төлебай ардуино негізіндегі «Ақылды шлагбаум» ойлап тапты.

Ол уақытты үнемдеп, қауіпсіздікті арттырады. Жас өнертапқыштың өз қолымен құрастырған инновациялық жобасының пайдасы мол. Оның ерекшелігі – шлагбаумға көлік жақындаған сәтте жүйе оны автоматты түрде таниды және кедергіні көтеріп, жүргізушінің бөгетсіз өтуіне мүмкіндік береді. Оқушының айтуынша, бұл оқу орны – ауласына, тұрақтарға және жеке аумақтарға кіруді бақылауда өте тиімді шешім.



№139 (4883) 25/11/2025 Сейсенбі

ӘУЕЖАЙДА ҚАРСЫ АЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен кеше Астанаға Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов мемлекеттік сапармен келді.



Сапар аясында тараптар жоғары деңгейде келіссөздер жүргізіп, Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайту перспективасын талқылайды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовті қарсы алды. Астана халықаралық әуежайында мәртебелі мейманның келуіне орай Құрмет қарауылы сап түзеді.

АЗАМАТТЫҚ ИНСТИТУТ НЫҒАЙЫП КЕЛЕДІ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалық етуімен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Жиында Қазақстан азаматтығына қабылдау және одан шығару мәселелері қаралды. Мемлекеттік кеңесші кейінгі 7 жылда еліміздің азаматтығынан бас тартқан адамдардың саны тұрақты түрде азайып келе жатқанын атап өтті. Мысалы, соңғы 7 жылда азаматтықтан шығуға берілген өтініштер саны 25 есе азайды. 2019 жылы 1,7 мың адам азаматтықтан бас тартса, 2020 жылы – 944, 2021 жылы – 123, 2022 жылы – 114, 2023 жылы – 107, 2024 жылы – 77, ал 2025 жылы 68 адам азаматтықтан шыққан. Мұның бәрі Қазақстан азаматтығы институтының абырой-беделі артып келе жатқанын көрсетеді. Елдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдай мен Мемлекет басшысының реформалары тұрғындарға зор сенім ұялатып отыр.

38 МЫҢ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРС БҰҒАТТАЛДЫ

«Киберқадағалау» мониторинг жүйесінің жұмысы нәтижесінде балаларға зиянды ақпаратты қамтитын 38 мыңнан астам интернет-ресурс анықталып, бұғатталды.

Бұл туралы Балалардың құқықтарын қорғау комитеті ақпарат таратты. Қазақстанда балаларды зиянды ақпараттан қорғау жүйесі «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңының талаптарына негізделген. Аталған заң мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін, сондай-ақ қауіпті контентке мониторинг жүргізу, талдау және бұғаттау тетіктерін айқындайды. 2022 жылы заңнамаға «буллинг» және «кибербуллинг» ұғымдары енгізілді, ал 2024 жылдан бастап жәбірлеу үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленді. Биыл 10 айдың қорытындысы бойынша 339 әкімшілік іс тіркеліп, олардың 198-і буллинг фактілері бойынша жауапкершілікке тартылды.



СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Ақордада алты елдің төтенше және өкілетті елшілерінің Қазақстан Президентіне сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Израиль мемлекетінің елшісі Йоав Быстрицки, Қырғыз Республикасының елшісі Құдайберген Базарбаев, Куба Республикасының елшісі Альфредо Федел Ниевес Портуондо, Ливан Республикасының елшісі Джордж Абу Зейд, Зимбабве Республикасының елшісі Марк Грей Маронгве және Сомали Федеративтік Республикасының елшісі Фатхудин Али Мохамед тапсырды.

Президент Қазақстан барлық мемлекетпен достық қарым-қатынас орнатқан бейбіт ел екеніне тоқталды. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның ішкі саясатында қолға алынған бастамалар жөнінде әңгімеледі. Бұл жұмыстар Әділетті Қазақстанды құруға, «Заң және тәртіп» қағидатына негізделгенін айтты. Мемлекет басшысы елшілерді дипломатиялық миссияларының ресми түрде басталуымен құттықтап, Қазақстан тарапы олардың қызметіне жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

ДИАЛОГҚА ЖОҒАРЫ БАҒА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Еуропа Одағының Орталық Азия жөніндегі арнайы өкілі Эдуардс Стипрайсты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманға ілтипат танытып, Қазақстанның негізгі әрі сенімді серіктестерінің бірі Еуропа Одағымен көпжоспарлы ықпалдастықты одан әрі нығайту маңызды екенін атап өтті. Президент осыдан 10 жыл бұрын қабылданған кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық жөніндегі келісім екі жақты-қарым-қатынастың айтулы кезеңі деп санайды. Мемлекет басшысы Орталық Азия елдері мен Еуропа Одағы арасындағы белсенді және конструктивті диалогқа жоғары баға берді. Эдуардс Стипрайс Еуропа Одағы Қазақстанмен ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге бейіл екенін мәлімдеп, екіжақты және өңірлік күн тәртібіндегі ықпалдастықтың қарқыны арта беретініне сенім білдірді.



ЕЛОРДАНЫҢ АЭРОХАБЫ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында авиациялық хабтар мен автожол саласын дамыту мәселелері бойынша кеңес өткізді. Онда Көлік, Қаржы, Энергетика, Өнеркәсіп және құрылыс министрліктерінің басшылары, сондай-ақ Астана және Алматы қалаларының әкімдері қатысты.

Премьер-министрге 2040 жылға қарай жаһандық әуе нарығын екі есеге арттыру жөніндегі әлемдік болжамдарды ескере отырып, алдағы 3 жылға арналған Азаматтық авиацияны дамыту жоспары ұсынылды. Халықаралық Азаматтық авиация ұйымының (ICAO) стандарттарына сәйкестіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге баса назар аударылды. ICAO аудитінің нәтижелеріне сәйкес, биыл бұл көрсеткіш Қазақстанда 95,7%-ды құрайды, бұл 72,01%-дық әлемдік және 87,92% болатын орташа еуропалық деңгейден көп.

Жоспарға сәйкес әуежай және навигациялық инфрақұрылымды жаңғырту, халықаралық және ішкі маршруттық желіні кеңейту бойынша ауқымды жұмыс көзделген. Бұдан бөлек, халықаралық оқу орталықтарын тарта отырып, әуе кемелері паркін ұлғайту және авиация саласы үшін мамандар даярлау жүйесін күшейту жоспарлануда.

Жиын барысында Астана және Алматы қалаларының әуежайлары базасында аэрохабтарды дамыту мәселелері талқыланды. Елордалық әуежайдың екінші ұшу-қону жолағын салу үшін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге дайындық жүргізілуде. Әуе айлағын жаңғырту жүк және жолаушылар терминалдарын салуды, инфрақұрылымды жаңартуды және тағы да басқаларды көздейді. Алматы әуежайын жаңғырту бойынша Horizon стратегиялық бағдарламасын жүзеге асыру өткізу қабілетін арттыруды қамтамасыз етеді. Терминалдарды реконструкциялау, трафикті көбейту үшін ұшу-қону жолақтарын жаңғырту жоспарлануда. Әуежай базасында жүк және техникалық кластерлер мен сервистік экожүйе құрылатын болады. Өңірлік байланысты нығайтуға бағытталған ішкі авиамаршруттарды субсидиялау мәселелері қаралды. Жалпы, осы жылдың 10 айында жолаушылар тасымалы көлемі 6%-ға өсіп, 13 млн жолаушыдан асты.

Жиынға қатысушылар азаматтық авиацияның туризмге, саудаға, өңірлік дамуға, инвестициялық тартымдылыққа және басқа да маңызды бағыттарға мультипликативтік әсерін атап өтті. Халықаралық бағалауларға сәйкес, саладағы әрбір 100 жұмыс орны экономиканың аралас секторларында 610-ға дейін қосымша жұмыс орындарын құрады.

ҚР жүк әлеуетін кеңейту үшін жүк тасымалын дамыту перспективалары белгіленді. Премьер-министр Көлік министрлігіне Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі және Қаржылық мониторинг агенттігімен бірлесіп авиаотын жеткізудегі тиімсіз делдалдар тізбегі бойынша жұмысты күшейтуді, сондай-ақ көлік саласында ағымдағы жобаларды жүзеге асыру және жаңа жобаларды іске қосу жөніндегі жұмысты жандандыруды тапсырды.

Сонымен қатар жиында Көлік министрлігінің автожол құрылысы саласындағы инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру жөніндегі тәсілдері қаралды. Жолдардың ағымдағы жағдайына және оларды жабынының сапасын одан әрі жақсартуға арналған құралдарға назар аударылады.

№139 (4883) 25/11/2025 Сейсенбі



КЕЛЕШЕГІ МОЛ КОЛЛЕДЖ

Астана қалалық мәслихатының депутаттары Астана әкімдігіне қарасты Технологиялық колледжге барды. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

Бұл – оқу орны елорданың қолданбалы білім беру саласындағы жетекші оқу орындарының бірі. Мұнда еліміздің барлық өңірлерінен келген студенттер білім алады, әрқайсысы кәсіби тұрғыда дамуға мүмкіндік табады.

«Әсіресе, өткен жылдан бастап колледжде жаңа әрі аса сұранысқа ие мамандық – техник-гидрогеолог даярлау басталғанын ерекше атап өткен жөн. Кездесуге «Қазгидрогеология» ҰАҚ өкілдері шақырылды. Олар студенттерге өндірістік тәжірибеден өтуге орын беруге, ал болашақта жұмысқа орналастыруға дайын екенін білдірді. Бұл Мемлекет басшысы жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында маңызды қадам болып табылады» деді ол.

Колледж қоғамдық және кәсіби бағытта белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Оның базасында кондитерлер мен ұлттық киім дайындаушы шеберлер арасында ұлттық жарыстар өткізіледі. Колледж студенттері бірнеше рет халықаралық байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанды, бұл педагогикалық ұжым жұмысының және білім беру бағдарламаларының сапасының жоғары екендігін көрсетеді.

КИНОЛОГИЯ ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ

«Esirtkisiz Elorda» жобасы мен «Заң және тәртіп» акциясы аясында елордалық колледж студенттері үшін Астана қаласы ІІД-нің кинологиялық қызмет орталығында экскурсия өтті. Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» Жастар ресурстық орталығы мұрындық болған экскурсия барысында қатысушылар кинологтардың жұмысымен танысып, қызметтік иттерді даярлау әдістері туралы мәлімет алды.



Райхан РАХМЕТОВА

Экскурсияға Астана қаласы әкімдігінің Жоғары көлік және коммуникация колледжінің 40 студенті қатысты. Кинолог полицейлер оларға иттердің жұмысы бойынша көрсетілім ұйымдастырып, соның ішінде тыйым салынған заттарды іздеу мен арнайы командаларды орындау элементтерін тамашалауға мүмкіндік берді. Студенттер мамандарға сұрақ қойып, қала қауіпсіздігінің қалай қамтамасыз етілетінін көзімен көрді. Іс-шара құқықтық сауаттылықты арттыруға, құқықбұзушылықтың алдын алуға және жастардың қауіпсіздік мәселелеріне деген жауапты көзқарасын нығайтуға бағытталды.

– Біз қылмыспен иттердің көмегі арқылы күресеміз. Соның ішінде орталығымызда есірткі іздейтін иттер дайындалады. Қызметтік иттер сонымен қатар жарылғыш заттарды, ұрлық, адам өлтіру, тонау болған жерден адамдарды иісі арқылы іздейді. Одорология деген бағыт бар, яғни өмірде әр адамның ешқашан қайталанбайтын өзіндік иісі болады, соны тек иттер ғана ажырата алады. Оған қоса шабуылшы, мекеме күзететін иттерді де тәрбиелейміз. Біздің орталықта сондай 40-тан астам иттер бар. Иттердің 4 түрі осы жұмысты атқаруға бейім келеді, атап айтқанда, неміс және бельгиялық овчарка, қазақы төбет және ротвейлер иттер түрлі қылмыс ашуға көмегін тигізуде. Сонымен қатар, ЗАҢ МЕН ТӘРТІП Қауіпсіз Қазақстан үшін! ішінде біз неміс және бельгиялық овчаркаларды көп қолданамыз, өйткені олардың кейде ақыл-санасы адаммен бірдей ме деп қаласың, есте сақтау қабілеті өте күшті болады, – деді аталған орталық басшысы, полиция подполковнигі Рауан Дәулетов.

Одан әрі полиция өкілі жастарға есірткінің зияны мен оны тұтыну ғана емес тасымалдаудың салдары туралы айта келе, қызметтік иттердің сондай құдіктілерді қалай анықтайтынын айтып берді.

– Иттерге есірткіні иісі арқылы анықтау жарты немесе 1 жыл ішінде үйретіледі. Алайда оларға үйрету барысында нағыз есірткінің өзі қолданылмайды, есірткінің түрлері мен олардың иісіне ұқсас басқа химиялық заттарды қолдану арқылы үйретеміз. Жалпы иттер бұл жұмысты атқарып жүргенде қылмысты ашып жүрмін деп санамайды, ойнап жүргендей қабылдайды, яғни бір тапсырманы орындағаннан кейін оларға ойнауға доп, тамақ беріледі, – деді полиция подволковнигі.

Экскурсия барысында иттердің қалай түрлі тапсырмаларды орындағанын көрген студенттер бұл іс-шараның олар үшін ерекше әсерлі болғанын атап өтті.

– Бүгін кинология қызметіндегі иттердің шабуылға төтеп беру тәжірибесін, жалпы осы саладағы тәртіп сақшыларының жұмысын көріп үлкен әсер алдық. Мұндай іс-шаралардың біз сияқты жастар үшін берері көп, яғни жасөспірімдер арасында есірткі қылмысының алдын алуда маңызы зор. Себебі оның түбі неге әкелетінін, қылмыс түбі ашылатынын көзбен көреді, түйсінеді. Сондықтан осындай экскурсияларды ұйымдастырған «Астана жастары» Жастар ресурстық орталығына рахмет айтамыз, – дейді аталған колледждің 2-курс студенті Сырым Қаділбек.

ҚАУІПСІЗ ЖОЛ КЕПІЛІ

«Заң және тәртіп» қағидаты аясында елордалық полицейлер жол-көлік оқиғаларының алдын алу және олардың санын азайту бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Осы мақсатта қалада «Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтіп жатыр. Оның аясында Полиция департаментінің бастығы Марат Төлебаев жол-көлік оқиғалары жиі тіркелетін учаскелерді аралап көрді, деп хабарлайды Астана әкімдігінің ресми сайты.

Биыл жыл басынан бері елордада 1700-ден астам жол-көлік оқиғасы тіркелген. Өткізіліп жатқан іс-шара барысында 2453 жол ережесін бұзушылық анықталды, оның 131-і жүк көліктерінің жүргізушілеріне тиесілі. Сонымен қатар, «Заң және тәртіп» қағидатын іске асыру және құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында полицейлер жол қозғалысын тәулік бойы бақылауда ұстайды. Бұл үшін көшедегі бейнекамералар, смарт-белгілер, автопатрульдерге орнатылған камералар қолданылуда. Ерекше назар «Бірыңғай дрон инфрақұрылымына» аударылған, оның көмегімен жол қозғалысына әуеден бақылау жүргізіледі.

Марат Төлебаевтың айтуынша, 2020-2024 жылдар аралығында айналма жолдың Қарағанды тасжолынан Көкшетау бағытындағы учаскесінде 89 жол апаты болған. Бұл бөлік – Алматы-Екатеринбург халықаралық транзиттік бағыты. Көп жағдайда оқиғалар жылдамдықты асыру және қауіпті маневр жасау салдарынан болады.

Қауіпсіздікті арттыру үшін қауіпті аймақтарда маневр жасауға тыйым салатын үздіксіз жол белгілері кеңейтілген, жылдамдықты шектеу белгілері қойылған, «Сергек» камералары орнатылған, сондай-ақ жылдамдықты тіркейтін «Екин патруль» экипаждары жұмыс істей бастады. Қабылданған іс-шаралардың нәтижесінде жағдай жақсарып, 2025 жылы бұл учаскеде өліммен аяқталған апаттар тіркелмеген.



РОБОТТАР ШАЙҚАСЫ

Астанада «Білімдегі инновациялар» халықаралық STEM-олимпиадасы және халықаралық роботтар шайқасы өтті.

Оған Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Түркия, Үндістан және Моңғолия елдерінен 250-ден астам қатысушы жиналды. Үш күн бойы мектеп оқушылары робототехника, бағдарламалау, инженерия және 3D-модельдеу бағыттары бойынша өз жобаларын таныстырды.

Сондай-ақ STEM пәндерінің ұстаздары үшін жеке кәсіби олимпиада ұйымдастырылды. Қатысушылардың жұмыстарын инженерлер, бағдарламашылар және әлемдік технологиялық чемпионаттардың жеңімпаздарынан құралған халықаралық сарапшылар бағалады.



ЗАМАНАУИ САЯБАҚ АШЫЛАДЫ

Назарбаев университетіне іргелес аумақта абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, университет паркінде 85 000-нан аса ағаш пен бұта отырғызылды.

NU ауқымды жобаны – көпфункционалды парк аймағын жүзеге асыруға кірісті. Жаңа жасыл кластер NU Park университет студенттері мен қызметкерлері үшін ғана емес, Астана тұрғындары мен қонақтары үшін де демалу, шығармашылықпен айналысу, ғылым және білімге арналған ортаға айналмақ.

NU баспасөз қызметінің хабарлауынша, жоба университет басшылығы бастамашылық еткен «Қолжетімді кампус» бағдарламасының бір бөлігі болып саналады. Бағдарламаның мақсаты – қала тұрғындарына ашық, қолайлы және қолжетімді орта құру.

Шамамен 45 гектар аумақта заманауи парк салынған. Онда фудкорт, арқан саябағы, этноауыл, теннис академиясы, ат спорты мектебі және футбол орталығын қамтитын өзара әрекеттесу аймағы; жұмыс істеуге және оқуға арналған тыныш орта құратын зейін аймағы; демалыс кеңістігі; шығармашылық шеберханалар мен көрме алаңдары бар артхаб сияқты бірнеше ерекше функционалды аймақ қарастырылған.

Парктің орталық нысаны қазақ оюы пішініндегі жасыл лабиринт болмақ. Сонымен қатар ашық аспан астындағы амфитеатр, Шығыс мәдениеттер орталығы және қайта жаңғыртылған пирамидалық екі ғимаратта түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады.

Парк құрылысының алғашқы кезеңі 2026 жылы аяқталады деп жоспарланып отыр. Осы уақытқа қарай тағы үш жылыжай, бау-бақша орталығы, велосипед және жаяу жүргінші жолдары салынбақ. Жоба NU Impact Foundation қоры есебінен қаржыландырылады.

№139 (4883) 25/11/2025 Сейсенбі





ДАРЫНДАРДЫ ШЫҢДАЙТЫН «Шабыт»

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Бас қалада бір аптаға созылған «Шабыт» шығармашыл жастардың XXVIII халықаралық фестивалі марапаттау салтанаты және гала-концертпен қорытындыланды. Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен елорданың Мәдени іс-шараларды өткізу дирекциясы және К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті ұйымдастырған байқауға биыл еліміздің барлық өңірінен, сондай-ақ жақын және алыс шетелдерден 800-ден астам жас талант қатысты.

«Шабыт» дарынды жастарды қолдауға, олардың кәсіби дамуына жағдай жасауға және халықаралық мәдени байланыстарды кеңейтуге бағытталған елдегі ең ірі шығармашылық алаңдардың біріне айналды. Қазылар алқасының құрамына Қытай, Ресей, Түркия, Италия, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан елдерінен келген танымал музыканттар, мәдениет қайраткерлері және сала сарапшылары енді.

Фестиваль аясында қатысушылар байқау кезеңдерінен өтіп, тыңдаулар мен іріктеу кезеңдеріне қатысты, отандық және шетелдік мамандардың дәрістерін тыңдады, шығармашылық зертханаларда жұмыс істеді, сондай-ақ елорда тұрғындары мен қонақтарына арналған концерттік бағдарламаларға қатысты. Осы жолы ұйымдастырушылар қатысушылар үшін арнайы білім беру бағдарламасын ұсынды. Бір апта бойы жас орындаушылар танымал композиторлар мен әртістердің шеберлік сабақтарына қатысып, визуалды өнер саласындағы шығармашылық зертханаларда жұмыс істеді. Мұндай формат оларға танымал шеберлерден тікелей кеңес алып, кәсіби дағдыларын дамытуға бірегей мүмкіндік берді.

Байқауда топ жарғандарды Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, осы фестиваль идеясының авторы, мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті композитор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлеген Мұхамеджанов, т. б. танымал азаматтар марапаттады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер 9 аталым бойынша анықталды. Ерекше атап өтерлігі, «Поэзия» аталымында әріптесіміз, «Астана ақшамы» газетінің тілшісі Шапағат Әбдір екінші орынды иеленді. Жалпы фестиваль жүлделері былайша бөлінді:

Камералық хор: гран-при – Татарстан Республикасының Мемлекеттік камералық хоры; I орын – Ғ.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясының Қазақ камералық хоры; II орын – К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің «Аралас хор» ұжымы; III орын – «Алатау» жастар хоры.

Хор дирижері: гран-при – Дәурен Мусин; I орын – Ержан Сансызбай; II орын – Алмат Есімханов; III орын – Джан Джиан.

Академиялық ән айту және концертмейстерлік шеберлік: гран-при – Фируза Рахметова, Аяжан Шынболат; I орын – Ләйлә Аламанова, Динара Абдрахманова; II орын – Нұрсезім Саматқызы, Нұрсұлтан Омарғазы; III орын – Бекұлан Ерболатұлы, Досым Ұлтарақов.

Камералық музыка: гран-при – Ақбике Алғи, Ілияс Өзбеков; I орын – Әлия Жақпарова, Жәния Болатова; II орын – Нұркен Ақбергенов, Дияр Бабаев; III орын – Әсия Нұржігітова, Айя Ғаббасова, Жанар Абдрахманова, Нұрисламбек Жұматов.

Фольклорлық ансамбль: гран-при – «Тарлан» этноансамблі; I орын – «Түркістан» ансамблі; II орын – «Достық сазы» фольклорлық ансамблі; III орын – «Тарту» фольклорлық ансамблі.

Эстрадалық вокал: гран-при – Moonaisun триосы; I орын – MIYAЗ триосы; II орын – Altyn ùn триосы; III орын – «Эстрада» триосы.

Бейнелеу өнері: I орын – Әлішер Жүргенов; II орын – Людмила Айтуарова; III орын – Рыстыгүл Көшерова.

Поэзия: гран-при – Дәурен Тілеухан; I орын – Оразай Жеңісұлы, Ділда Уәлибекова; II орын – Еламан Қабділәшім, Шапағат Әбдір; III орын – Айзада Рахымжанова, Серғазы Қайырболды.

Креатив бағыт: гран-при – Қамза Бөкейхан; I орын – Никита Пивторак, Мәдина Мусина; II орын – Әлия Ерғали; III орын – Карина Оспанова, Айдана Құлұшпаева, Ақнұр Ахметғали.

ҚАЗЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

Қасымхан БЕГМАНОВ,
«Поэзия» аталымы қазылар алқасының төрағасы:

– Бұл фестиваль поэзия әлеміндегі жаңа есімдерді ашып, елдің түкпір-түкпірінен келген жастардың өнерін біріктірген әдеби мерекеге айналды. Байқауға барлығы 63 қолжазба қабылданды. Оның бәрін оқып, іріктеу қазылар алқасы үшін оңай болған жоқ. Дегенмен алдын ала іріктеуден кейін 33 жас ақын Астана қаласында өткен финалдық кезеңге шақырылды. Солардың арасынан қазылар мен ұйымдастырушылар ақылдаса отырып, 11 түрлі аталым бойынша жеңімпаздарды анықтадық. Сосын арнайы жүлденің мәнін, мазмұнын арттыру үшін Исраил Сапарбай, Күләш Ахметова, Темірхан Медетбек, Есенғали Раушанов атындағы арнайы жүлделер тағайындадық.

Мақпал ЖҰМАБАЙ,
қазылар алқасының мүшесі:

– «Шабыт» фестивалі барысында «Креатив» бағыты аталымына қатысушылардың өнерін, креатив хабтар құру бойынша жұмыстарды сараладық. Жас толқынның арман-мақсатына, білім көкжиегіне куә болу зор тәжірибе ғой. Мүмкіндік туып жатса, осы жастармен жұмыс істеп көремін. Себебі қызықты ойлар туды. Біздің ÓzgeEріс креатив хабы – «Шабыттың» серіктесі. Бірнеше бағыт жұмысы кеңістігімізде өтті. Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген 30-дан астам жас қаламгер ÓzgeEріс-те қонақ болды.

Өмірәлі ИСМАИЛОВ,
«Бейнелеу өнері» аталымы қазылар алқасының мүшесі:

– «Шабыт» секілді осындай фестиваль міндетті түрде керек. Өйткені жастар талпынысын әрі қарай дамыту маңызды. Әрі қарай мемлекеттің деңгейін бейнелеу өнері саласында белгілі бір дәрежеге жеткізіп, халықаралық деңгейде көрсеткені дұрыс деп ойлаймын. Жалпы биылғы «Шабыт» жоғары деңгейде өтті деп есептеймін. Осы жылы барлық өнер түрі қамтылып, бұрын болмаған аталымдар қосылды. Соның ішінде камералық хор, хор дирижері, концертмейстерлік шеберлік сынды аталымдар ерекше қызығушылық тудырды. Бейнелеу өнеріне келсек, жүлделі орындармен қатар Әбілхан Қастеев, Сабыр Мәмбеев атындағы арнайы жүлделер тағайындалды. Осы тұрғыдан алғанда, фестивальді ұйымдастырған Мәдениет және ақпарат министрлігіне, Астана қаласының әкімдігіне, қалалық Мәдениет басқармасына ризашылығымды білдіргім келеді.



ЖАС МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕКТЕБІ – БОЛАШАҚ КӘСІБИ КАДРЛАРДЫҢ БАСТАУЫ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті жастарды мемлекеттік қызметке тарту мақсатында жыл сайын «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» жобасын жүзеге асырып келеді. Бұл жоба 2021 жылы агенттіктің бастамасымен бекітілді.

Жобаның негізгі мақсаты – жастар арасында мемлекеттік қызметтің беделін арттыру, мемлекеттік басқару саласына қызығушылықты дамыту және жас мамандардың кәсіби әлеуетін ашу.

Ниет білдірген қатысушылар, алдымен, өтінім беріп, эссе жазу кезеңдерінен өтеді, ҚР Президенті жанындағы басқару базасында 40 академиялық сағат көлемінде HR, этика, цифрландыру және кадр саясаты бағыттары бойынша дәрістер өтеді. Оқуды сәтті аяқтаған қатысушылар мемлекеттік органдарда өндірістік тәжірибеден өтуге жіберіледі. Ең соңғы кезеңінде тестілеуден өтіп, студенттерге сертификат табысталады.

Астана қаласы бойынша 2024-2025 оқу жылында «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» жобасына 52 өтінім келіп түсіп, 24 түлек сәтті аяқтаған болатын.

Биылғы оқу жылында да жоба өз жалғасын тапты. Түсіндіру жұмыстары жоғары оқу орындарында, атап айтсақ, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, М.Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық заң университетінде, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде, Есіл университетінде, Қ.Құлажанов атындағы Қазақ бизнес және технология университетінде және Еуразия гуманитарлық институтында өтті. 2025-2026 оқу жылында арнайы комиссия құрылып, 56 студенттен өтінім қабылданып, 28 студент іріктеліп алынды. Жобаның типтік жол картасы құрылып, қазіргі уақытта мотивациялық кездесулер, семинарлар өткізу жоспарланып отыр.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Қазақстан – дарынды жастар елі. Ертең еліміздің дамуы осы жастардың қолында» деген ұстаным «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебінің» негізгі идеясымен үндес.

Агенттік жобаны іске асыру арқылы жастар мен мемлекеттік аппарат арасындағы байланысты нығайтып, кадрлық резервті қалыптастыруды көздейді. Сонымен қатар жас мамандардың қызметтік әдебі мен кәсіби құзыретін дамытуға ерекше мән беріледі.

Жоба түлектері үшін мемлекеттік қызмет саласындағы тағылымдамалар мен мансаптық өсу мүмкіндіктері қарастырылған.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

ҮЗДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШЫҚ: ІРІКТЕУСІЗ ҚАБЫЛДАУ МҮМКІНДІГІ

Еліміздің дамуында білімді де білікті жас буынның орны айрықша. Қазіргі кезеңде кадрлық саясаттың басты бағыты – мемлекет ісіне адал, кәсіби қабілеті жоғары, ой-өрісі кең мамандарды тарту. Осы ретте, жастарға жаңа серпін беретін бастама – жоғары оқу орнын GPA 3,33 және одан жоғары орташа үлгеріммен аяқтаған түлектердің мемлекеттік қызметке конкурстан тыс қабылдау тетігінің енгізілуі. Бұл шешім кездейсоқ қабылданған жоқ. Соңғы жылдары мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру, оның ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету бағытында бірқатар реформа жүргізілді. Дегенмен дарынды жастарды мемлекеттік басқару жүйесіне тарту мәселесі әлі де өзекті. GPA көрсеткішіне негізделген бұл мүмкіндік – жастардың ел дамуына қосар үлесін жеделдетудің бір жолы.

Мемлекеттік қызмет – халық алдындағы үлкен жауапкершілік. Бүгін де бұл салаға қойылатын талап жоғары: кәсібилік, адалдық, ашықтық және үздіксіз даму. Оқу орнын аяқтағаннан кейін бір жыл ішінде мемлекеттік органға қажетті құжаттармен жүгінген жас маман бос тұрған лауазымға тікелей тағайындала алады. Бұл қадам жас түлектерге мемлекеттік басқару жүйесіне еркін кіруге мүмкіндік беріп қана қоймай, оларды елге қызмет етуге ынталандырады. Сонымен қатар кадр тапшылығы байқалатын шалғай аймақтарға қажетті мамандарды тартуға жол ашады. Мемлекеттік білім беру гранты негізінде білім алған түлектер аудандық деңгейдегі әкімдік пен мәслихат аппараттарының бастапқы лауазымдарына, аумақтық бөлімшелер мен орталық органдардың жергілікті құрылымдарындағы қызметтерге конкурстан тыс орналасуға құқылы. Бұл тәртіп республикалық маңызы бар қалалар мен әкімшілік орталықтарға қолданылмайды.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті жаңа жүйені жұртшылыққа түсіндіру мақсатында ақпараттық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізуде. Түлектердің және мүдделі тұлғалардың сұрақтарына жауап беру, оқу орындарымен кездесулер өткізу, әлеуметтік желілер арқылы ақпарат тарату – осы жұмыстың бір бөлігі.

Мемлекеттік қызмет жүйесі – қоғам игілігіне қызмет ететін стратегиялық сала. Онда қабылданған әрбір шешім халықтың өміріне тікелей әсер етеді. Сондықтан мұндай өзгерістердің ашықтық пен айқындық қағидаттарына негізделуі – заңдылық.

GPA көрсеткіші арқылы конкурстан тыс қабылдау – түлектер үшін кәсіби жолдың жаңа бастамасы әрі олардың жауапкершілігін арттыратын сенім. Бұл – жас мамандардың алған білімін тәжірибеде дәлелдеуге берілген айрықша мүмкіндік. Ал мемлекет үшін – кадр саясатын жаңғыртып, дарынды жастардың әлеуетін тиімді пайдалануға бағытталған нақты қадам. Мұндай реформаның мәні тек қана жастарға жағдай жасауда емес. Ол – мемлекеттік басқару жүйесін жаңа деңгейге көтеру, оны заманауи талаптарға бейімдеу. Жоғары үлгерімге жеткен түлектің бойындағы табандылық, еңбекқорлық пен ізденімпаздық – мемлекеттік қызметте аса қажетті қасиеттер. Сондықтан бұл бастама дарынды жастардың әлеуетін тиімді пайдалану арқылы ел дамуына тың серпін бермек. Осылайша, «Жоғары балл – жоғары мүмкіндік» қағидаты жас буынға көрсетілген сенім ғана емес, Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесін жаңа деңгейге көтеретін тың бастама.

Ербол ЖОЛДАНҒАР,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті басшысы

«Астананың халқы шектеусіз өсе бере ме?» деген сауал билік тізгінін ұстағандарды ғана емес, бас қалада тұратын кез келген адамды ойландыратыны анық. Өйткені Астанаға өңірлерден көшіп келушілердің саны тез өсу үстінде. Ұлттық статистика бюросы (ҰСБ) жариялаған ресми дерекке сүйенсек, 2025 жылдың 1 қазанындағы мәлімет бойынша елорда халқының саны 1612512 адамды құраған. Әсіресе көші-қондағы жағымды сальдо көрсеткіші – 68336 адам (2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте – 54544). Соның ішінде сыртқы көші-қонда 1084 адам (2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте – 1691), ішкі көші-қонда – 67252 адам (өткен жылғы қаңтар-қыркүйекте – 52853). Биылғы 9 айда төр қалаға 67252 адам қоныс аударған. Алайда бұл – тек тіркелгендер туралы ресми дерек. Тіркелмей-ақ тұрып жатқандар қаншама. Оған себеп: ішкі көші-қон саласы бақылаусыз, жүйесіз қалып отыр.



БИЫЛҒЫ 9 АЙДА АСТАНА ЕЛ ІШІНДЕГІ МИГРАНТТАР АҒЫМЫ БОЙЫНША АЛМАТЫНЫ АРТТА ҚАЛДЫРДЫ. ОСЫ КЕЗЕҢДЕ ЕЛОРДАҒА 137 МЫҢ АДАМ ҚОНЫС АУДАРЫП, 70,6 МЫҢ АДАМ КӨШІП КЕТІПТІ. АЛ ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ ТАЗА ӨСІМІ 67252 АДАМДЫ ҚҰРАҒАН

Төлен ТІЛЕУБАЙ

АСТАНАДАҒЫ МИГРАЦИЯ: БОЛЖАМ МЕН ШЕШІМ

Бұл туралы қыркүйек айындағы Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ашық айтты.

«Ішкі және сыртқы көші-қон үдерісінің бақылаусыз қалуы жұрттың бәрі тұрғысы келетін ірі қалаларымыздың инфрақұрылымына орасан салмақ түсіріп отыр. Астана – соның айқын мысалы. Соңғы үш жылдың өзінде елорда тұрғындарының саны 250 мыңнан астам адамға, соның ішінде былтыр 100 мың тұрғынға көбейді. Биылғы өсім онсыз да жоғары саналатын осы көрсеткіштен асып түсуі мүмкін. Елордада халық саны ресми түрде 1,5 миллион адам болғанмен, оның инфрақұрылымы іс жүзінде күн сайын 1,9 миллион адамға қызмет көрсетеді. Басқаша айтсақ, Астана 400 мыңнан астам адамға, яғни халық саны бойынша орташа қала саналатын тағы бір шаһардың тұрғындарына пара-пар жұртқа ешқандай жоба-жоспарсыз қызмет етіп жатыр. Сондықтан қаланы сумен және жылумен қамтамасыз ететін жүйелердің үздіксіз жұмысына қауіп төніп тұр» деді Президент.

Енді көші-қон өсімі дегенге қайтып оралайық. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, биылғы 9 айда Астана ел ішіндегі мигранттар ағымы бойынша Алматыны артта қалдырды. Осы кезеңде елордаға 137 мың адам қоныс аударып, 70,6 мың адам көшіп кетіпті. Жоғарыда жазғанымыздай, халық санының таза өсімі 67252 адамды құраған. Ал екінші орындағы Алматыға 116 мың адам көшіп келіп, 88 мың адам басқа өңірге кеткен, халық санының таза өсімі – 28 мың адам. Демек, ішкі миграцияда Астана негізгі тартылыс мекеніне айналып отыр. Сарапшы-мамандардың пайымдауынша, мигранттарды урбандалудың жоғары қарқыны, дамыған инфрақұрылым және құрылыс, логистика, халыққа қызмет көрсету салаларындағы жұмысқа орналасу мүмкіндігінің көптігі магнитше тартуда.

БАҚЫЛАУСЫЗ МИГРАЦИЯДАН ҚАНДАЙ ҚАУІП БАР?

Президент Жолдауда еңбек нарығын, әсіресе көші-қон мәселесін реттеу саласында есепке алудың орталықтандырылған жүйесі жоғына назар аударды. Елорданың еңбек нарығында да бүгінге дейін түйіні тарқатылмаған мәселе көп. Қазір өңірлерден мегаполистерге адамдар тез көшіп жатыр. Мысалы, ҰСБ-ның мәліметі бойынша 2025 жылдың 6 айында Астанаға 26 мыңнан астам адам қоныс аударыпты. Бұл Алматымен салыстырғанда 1,5 есеге көп. Егер дер уақытында жүйелі жұмыстарды қолға алмасақ, көп ұзамай инфрақұрылымы өзіне түсетін күшті көтере алмайтын, халқының саны шамадан тыс артқан агломерациялар пайда болады. Оған көз жұмып қарасақ, әлеуметтік және экономикалық мәселелер ушыға береді. Қош делік.

Көші-қон саласында да кемшілік көп. Астанаға күн сайын ел аумағынан, алыс-жақын шетелден қанша адам келіп-кетіп жатқанын бақылайтын орталықтандырылған жүйе жоқ. Бір ғана мысал: маусым айында 4 күннің ішінде бас қалаға заңсыз жолмен кірген 72 шетел азаматы ұсталып, ел аумағынан шығарылды. «Нелегал» деп аталатын төрт күндік жедел-іздестіру іс-шараларының нәтижесінде көші-қон заңнамасын шетелдіктердің бұзуына қатысты 413 оқиға тіркелді. Соның ішінде шетел азаматтарын жұмысқа шақырып, ұлттық заңнаманы бұзған 46 қазақстандық әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бірақ бұл заң бұзушылықтар осымен тоқтады дегенге ешкім сенбейді. Ал биыл ақпан айында астаналық көші-қон полицейлері миграциялық заңнамамызды бұзған 279 шетел және 53 Қазақстан азаматын анықтап, қолға түсірді. Сол жолы жергілікті атқарушы органның рұқсатынсыз шетел азаматтарын жұмысқа заңсыз жолмен шақырған жұмыс беруші 15 адамға қатысты да тиісті жаза қолданылды. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Мигранттардың заңсыз «шеруіне» тосқауыл қоюда солтүстіктегі «көршіміздің» тәжірибесінен өзімізге керегін алуға болады. Мысалы, Ресейдегі 2024 жылғы «Крокус Сити Холл»-дағы терактіден кейін Орталық Азия елдерінен баратын мигранттарға тәртіп күшейді. 2025 жылдың қаңтар айынан бастап барлық шетелдіктің SIM-картасы бұғатталды. Ресейлік ұялы байланыс операторларының қызметін пайдаланғысы келетін мигранттар жеке шотын ашып, сақтандыру нөмірін жазады, сөйтіп «Мемқызметтерге» тіркеледі. Биометриядан өтіп, ұстайтын ұялы телефонына IMEI-код алады. Бұл – алаяқтыққа тосқауыл қоятын қатаң шараның бірі. Ал қыркүйек айынан бастап Мәскеу мен оның маңындағы қалаларда мигранттарды арнайы қосымша арқылы тексеретін тәсіл енгізілді. Ресейге визасыз кіргендердің бәрі осы тексерістен өтеді. Мигранттар міндетті түрде дактилоскопиялық тексеруден өтіп, биометрикалық суретке түсіп, іс жүзінде тұратын мекенжайын көрсетіп, «Әмина» атты ұялы қосымшаға тіркеледі. Жергілікті билік «Әминаның» көмегімен мигранттардың жүріп-тұруына қатаң бақылау жасайды. Осы бақылаудан қашқандар жедел ел аумағынан шығарылады. Бұл тәжірибені ресейлік полицейлер 2029 жылдың 1 қыркүйегіне дейін ұзартты. Өзіміз көріп отырғандай, көші-қонның мұндай орталықтандырылған жүйесі Ресейге ағылған мигранттар көшін күрт азайтып, керісінше, олар енді Қазақстанға қарай ағыла бастады.

ЗАҢСЫЗ ТІРКЕУ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Көші-қон және полиция қызметтерінің жүйелі жұмыс жүргізуіне қарамастан, Астанада жалған тіркеуге тұрғызу деген мәселе шешімін таппай отыр. Жыл сайын қалаға бірнеше мыңдаған адам көшіп келгенмен, олардың бәрі ережеге сәйкес тіркеуге тұрмайды. Көпшілігі заңды бұзып, жалған тіркеу парағымен өмір сүреді. Қалалық көші-қон полициясынан алынған деректерге сүйенсек, бұл жерде, негізінен, жалған тіркеуге тұратындардың ағынын студенттер, құрылыс және қызмет көрсету саласының жұмысшылары, сондай-ақ елордадан жайлы өмір сүруді іздеп келген жас отбасылар құрайды. Олардың мақсаты айқын – білім алу, жалақысы жоғары жұмысқа тұру, әлеуметтік жағынан өсіп-жетілу жолдарын іздеу. Алайда бұл ізденістер балабақша, мектеп, аурухана, халыққа қызмет көрсету орталығындағы орын тапшылығына әкеліп соқтыруда.

Жергілікті биліктің де шынайы картинаны көре алмай, дағдаратын жері осы. Өйткені тіркеуге тұрмай я болмаса жалған тіркеуден өтіп, қалада өмір сүретін адамдардың есебінен халық саны күрт көбейеді. Астанада емхана, ауруханалардағы орын тапшылығына тікелей әсер ететін фактордың бірі – осы. Жыл сайын қалада қаншама балабақша, мектеп, аурухана салынса да, бәрібір тапшылық жойылмайды. Мәселен, 2025 жылы астаналық полицейлер жалған тіркеуге тұрған ондаған азаматты анықтады. Олардың әрқайсысы бойынша әкімшілік жаза қолданылды. Алайда сарапшылардың айтуынша, бұл бағыттағы мәселелердің ауқымы зор. Көбінесе бір тұрғын үйге бірнеше бөтен адамды тіркеп қойып, оның шынайы қожайыны азғантай ақы алып жүруі мүмкін. Жалған тіркеудің негізгі мақсаты кімге болса да түсінікті, ол – Астанаға орнығу, одан әрі баласын балабақшаға, мектепке орналастыру. Медицина қызметін тұтынып, тұрып жатқан жеріне ресми ақша төлемейді. Сайып келгенде, одан әлгі адамға зиян жоқ, бірақ қалаға салмақ түседі. Бюджетке салық түспейді, аз ғана тұрғындарға есептелген аудандарда инфрақұрылым салмақты көтере алмайды. Мұндай жағымсыз ахуалды өзгерту үшін қала билігі тіркеуді электрондық жүйеге көшірмек. Бір тұрғын үйге қанша адамға дейін тіркеуге рұқсат етілетіні, пәтерін жалға беретін жандарға қатаң бақылау жасалатыны әзірше жоспарланып отыр. Осы жерде кез келген адам Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте тіркеуге тұрмаған азаматтарға 7 АЕК (25800 теңге), заңсыз әрекет қайталанған жағдайда 13 АЕК (48000 теңге) көлемінде айыппұл салынатынын біле бермейді. Ал өтірік тіркелгені үшін (тіркеліп, бірақ ол жерде тұрмаса) 10 АЕК (39000 теңге) көлемінде айыппұл төлейді. Тіпті мұндай әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Бір анық нәрсе, өңірлердегі әлеуметтік ахуалдың төмендігі, халықтың мегаполистерге жанталаса көшуге ұмтылуы сияқты тамыры тереңде жатқан мәселелер оң шешілмей тұрып, жалған тіркеуге тұрумен күресте нақты нәтиже болмайды.

БАРЛЫҚ ЖҮЙЕГЕ САЛМАҚ ТҮСЕДІ

Астанаға биыл 9 айда 70 мыңға жуық адам қоныс аударыпты. Жолдауда Мемлекет басшысы «қаланы сумен және жылумен қамтамасыз ететін жүйелердің үздіксіз жұмысына қауіп төніп тұр» дегенді жайдан-жай айта салған жоқ. Салыстырмалы мысал келтірейік. Биыл елорда мектептерін 14 мың түлек бітірді. Бірақ 1 қыркүйекте 30 мыңнан астам бала 1-сынып табалдырығын аттады. Демек, білім беру мекемелеріне деген сұраныс күрт артатыны анық. Астана қаласының әкімдігі таратқан ресми мәлімет бойынша 1 қыркүйекте «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында елордада екі ауысыммен оқитын 28 мың оқушыға арналған 7 мектеп есігін айқара ашты. Алдағы екі жылда 20-дан астам мектеп жаңарады. Ауруханалар құрылысы да қарқынды жүріп жатыр. Алдағы 5 жылда екі перинаталдық орталық, көпбейіндік аурухана, екі мемлекеттік және үш жекеменшік емхана салынады. Бірақ бұл нысандар да аздық етуі мүмкін. Себебі халық саны тез өскен сайын өмір сүруді қамтамасыз ететін барлық жүйеге салмақ түседі. Ең бастысы, жергілікті билік инфрақұрылымды дамыту жоспарын дұрыс жоспарлап, іске асыра білуі тиіс. Сол кезде ғана көші-қон ағынын даму мен өркендеудің құралына айналдыра алады. Көшедегі кептелістер мәселесіне тоқталайық. Кептелісті азайту үшін әкімдік цифрлық басқару тәсілін енгізуде. Қала әкімі Жеңіс Қасымбек бір сөзінде негізгі кептеліс нүктелері Тұран даңғылы, Мәңгілік ел, Қабанбай батыр даңғылы, Сығанақ, Сарайшық, Қонаев және Достық көшелерінде шоғырланатынын айтқаны мәлім. Бұл көшелер орталық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың ғимараттары орналасқан аудандарды жалғайды. Осы бағытта көлік ағындарына талдау жүргізу арқылы кептелістерді азайтудың әртүрлі жолы қарастырылуда.

ДРОНДАРДЫҢ КӨМЕГІ ЗОР

Соның бірі – жол-көлік апаттарын тіркеуге дрондарды пайдалану. Мәселен, кез келген қаладағы жол-көлік оқиғасы екі автокөліктің соқтығып қалуымен жасалады. Үлкен қалада басқа көліктердің жүрісіне кедергі келтіреді. Полиция қызметкері оқиға орнына жеткенше қозғалыс бөгеледі. Міне, осы кезде бағдарлама қондырылған дрон тез ұшып барып, болған оқиғаны суретке және бейнетаспаға түсіреді. Барлық ақпаратты полиция бөлімшесіне жібереді. Мұндайда автокөлік иелері бірнеше сағат жолда күтіп тұрмайды. 3D-суреттер асқан дәлдікпен түсірілгендіктен, жол-көлік апатына баға беретін мамандар тез әділ шешім шығарады. Бұл жоба жасалым деңгейінде болса да, өте тиімді әрі сапалы болары сөзсіз.

Әзірше дрондар елорданың қауіпсіздігі мен тәртібін биіктен бақылауға кірісті. Бұдан былай олар көшелердегі автокөлік қозғалысының ағынын, жол ережелерінің бұзылуын, ұрланған автокөліктердің нөмірін анықтап, оны іздеудегі ақпаратпен салыстырады. Сондай-ақ олар қаланың барлық аумағындағы ахуалды жіті қадағалап, қажет болған жағдайда, полицейлерге нақты мәліметтерді жеткізеді. Дрондарға түсірілген барлық бейнежазба Астана қалалық Полиция басқармасының жедел басқару-әрекет ету орталығына жіберіледі. Полицейлер дрондарға орнатылған дауыс зорайтқыштың көмегімен тұрғындарға қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысты хабарламалар таратады. Заманауи «ақылды» технологиялардың көмегімен ең қиын деген мәселелерді де тез, оңай шешуге болады.

№139 (4883) 25/11/2025 Сейсенбі





ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ – САПАЛЫ БІЛІМДЕ

Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде «Келешек мектептері» ұлттық жобасы жүзеге асырылуда. Бұл мекемелердің атауы бастапқыда «Жайлы мектеп» деп аталды. Себебі алдымен білім беру саласының инфрақұрылымын дамыту керек болған. Осы мақсатта жаңа мектеп ғимараттары салынып, заманауи жабдықтармен жабдықталды. Ал білім сапасын жақсарту кезеңінде «Келешек мектебі» деп аталды.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Жаңа форматтағы білім ошақтары бұрынғы салынған типтік мектептерге қарағанда мүлдем өзгеше. Солардың бірінен саналатын Астана қаласы әкімдігінің «№108 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2024-2025 оқу жылының 1 қыркүйек күні өз жұмысын ресми түрде бастады. Қысқа мерзім ішінде білім беру ұйымы қаланың әлеуметтік инфрақұрылымындағы сұранысқа ие жаңа буын мектептерінің қатарына енді. Мектеп ашылған уақытта 600 оқушы қабылданып, қазіргі таңда олардың саны 1202 оқушыға жетті. Бұл көрсеткіш оқу орнының беделі мен ата-аналар сенімінің жылдан жылға артып келе жатқанын дәлелдейді.

«Келешек мектеп» директоры Гүлназ Жарылқапованың айтуынша, бүгінгі таңда оқу орнында 85 педагог қызмет атқарады. Мұғалімдердің басым бөлігі – жаңартылған білім беру бағдарламасы және цифрлық педагогика бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен кәсіби мамандар. Педагогикалық құрамның әлеуеті білім сапасын арттыруға, оқушылардың зерттеушілік, шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

– Жарқын болашақ – сапалы білімде. Мектептің материалдық-техникалық базасы заманауи білім беру талаптарына толығымен сай келеді. Оқу процесін тиімді ұйымдастыру үшін 80 пән кабинеті жабдықталған. Әр кабинетте интерактивті панельдер, цифрлық құрылғылар, пәнге бағытталған арнайы оқу-әдістемелік материалдар мен модульдік жиһаздар орнатылған. Бұл – білім алушылардың практикалық дағдыларын дамытуға және оқу материалдарын игеруді жеңілдетуге мүмкіндік береді, – деді директор.

Сонымен қатар мектепте оқушылардың жеке, топтық және жобалық жұмыстар жүргізуіне арналған 16 coworking аймағы қарастырылған. Бұл кеңістіктер оқушылардың өздігінен білім алуын қолдайтын көпфункционалды орта ретінде жобаланған. Коворкинг аймақтарында жұмсақ жиһаздар, топтық жұмыс үстелдері, ноутбуктер, шығармашылық құралдар және академиялық зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған ресурстар орналасқан. Мұндай ашық білім беру ортасы оқушылардың ынтымақтастық, коммуникация, командада жұмыс істеу сияқты XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Гүлназ Молдаханқызы мектептің артықшылықтарына тоқтала келе, оқу ордасының материалдық-техникалық базасы қазіргі білім беру стандарттарының талаптарына толықтай сәйкес келетінін жеткізді. Расында да, білім мекемесі барлық пән кабинеттері жаңа үлгідегі интерактивті панельдермен, мультимедиялық құрылғылармен және оқу процесін тиімді ұйымдастыруға арналған жиһаздармен жабдықталған.

– STEAM және робототехника бағыттарының дамуы туралы айтсақ, мектебімізде STEAM-оқытуды енгізуге арналған арнайы жабдықталған кабинеттер жұмыс істейді. Робототехника, инженерлік модельдеу және 3D-технология бағыттары бойынша үйірмелер ашылып, оқушылардың техникалық сауаттылығын арттыруға жағдай жасалған. Бұл – «Келешек» мектептерінің басты талаптарының бірі ретінде оқушыларды XXI ғасыр дағдыларына бейімдеуге мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру ортасының жоғары деңгейде ұйымдастырылуы да жақсы жолға қойылған. Мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолайлы жағдай жасалған: арнайы жабдықталған кабинеттер, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі, логопед, дефектолог мамандар жұмыс істейді. Инклюзивті орта заманауи стандарттарға сай жасақталып, барлық оқушының қауіпсіз әрі қолжетімді білім алуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ оқушылардың шығармашылық және жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған көпфункционалды кеңістіктердің болуына көңіл бөлінуде. Coworking аймақтары топтық, зертханалық және жобалық жұмыстар жүргізуге арналған. Бұл кеңістіктерде оқушылар мен педагогтар бірлескен жобаларды жүзеге асыра алады. Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған ашық білім беру ортасы қалыптасқан, – деді Гүлназ Жарылқапова.

Мектепте атқарылып жатқан жұмыстардың бірі – инновациялық білім беру моделін іске асыру шеңберінде пәндік және интеграциялық жобалар қолға алынды. STEAM-бағыттағы үйірмелер мен элективті курстар жүйелі түрде жұмыс істеп, оқушылардың инженерлік дағдыларын дамытуда. Цифрлық білім ресурстарын қолдану арқылы оқу процесі бірізді жолға қойылған. Инклюзивті білім беруді дамыту бойынша мектепішілік әдістемелік бірлестіктер жұмыс жүргізіп, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін жеке оқу траекториялары әзірленуде.

Мектептің тәрбие жүйесі «Құндылықтарға негізделген білім беру» тұжырымдамасына сай ұйымдастырылып, оқушылардың азаматтық позициясын, жауапкершілігін және еңбекқорлығын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жүргізілуде. Жобалық білім беру, дебат клубы, мобилография, театр сияқты шығармашылық үйірмелер арқылы оқушылардың жеке әлеуетін дамыту жұмыстары белсенді жүзеге асырылуда. Оқушылардың академиялық жетістіктерін арттыру мақсатында пәндік олимпиадалар, зияткерлік сайыстар және ғылыми жобалар конкурстарына қатысу жүйелі жолға қойылған. Мектеп оқушылары қалалық және республикалық ғылыми жобалар байқауына, пәндік олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. ROQED ЖИ-құралы енгізілді. Мұғалімдер сабақ жоспарлау, оқу материалдарын саралау және оқушылардың білімін бағалау барысында ЖИ құралдарын тиімді қолданып келеді. Оқушылар да цифрлық сауаттылықты арттыру мақсатында ЖИ-платформалармен жұмыс істеп, жеке оқу қарқынына сай тапсырмаларды орындауда.

КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ МЕКТЕП

Мемлекет басшысының бастамасымен іске қосылған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы еліміздің білім жүйесіне түбегейлі серпіліс әкелді. Осы тапсырма аясында соңғы 6 жылда елімізде 1000-нан аса жаңа мектеп бой көтерді. Астанада биыл сондай 7 мектеп ашылады. Жобаның негізгі мақсаты – еліміздің кез келген өңіріндегі, кез келген әлеуметтік топтағы балаға сапалы білімді тең қолжетімді ету, үш ауысымды оқытуды жою, апатты мектептерді алмастыру, оқушы орын тапшылығын болдырмау. Сол мақсатта бірыңғай стандарт негізінде салынған мектептердің бірі – Астанадағы №104 орта мектеп.

Райхан РАХМЕТОВА

Былтырғы Білім күнінде ашылған жаңа «Келешек мектебі» қазіргі заманға сай IT-сыныптармен, зертханалармен, шығармашылық және спорт кеңістіктерімен, инклюзивті білім беруге арналған инфрақұрылыммен жабдықталған. Мектепте әр баланың әлеуетін толық ашатын мүмкіндіктер жасалған. Барлық «Келешек мектептері» сияқты бұл оқу ордасы да мазмұны мен құрылымы жағынан дәстүрлі мектептерден үш бағытта, яғни бірыңғай заманауи стандарттың енгізілуі, заманауи технологиялармен жабдықталуы және қауіпсіздік шараларының күшейтілуімен ерекшеленеді. Мұнда да роботтехника кабинеттері, STEM-зертханалар, заманауи пәндік кабинеттер, хореография залдары, коворкинг аймақтары, алғашқы әскери дайындыққа арналған ашық алаңдар, сондай-ақ бірнеше спорт залдар қарастырылған. Мектеп жаңа үлгідегі жиһазбен, оқу құрал-жабдықтарымен толық қамтылған. Мұғалімдерге арналған жұмыс бөлмелері де қазіргі заман талаптарына сай жабдықталып, оқу үдерісін тиімді жүргізуге мүмкіндік берілген. Қауіпсіздік тұрғысынан жаңа мектеп заманауи бейнебақылау жүйелерімен, кіріп-шыққан тұлғаларды тіркейтін электронды бақылау жүйесімен толық қамтамасыз етілген. Сонымен қатар бастауыш және жоғары сынып оқушыларының бөлек блоктарда оқуы баланың жас ерекшеліктеріне қарай қауіпсіз әрі тыныш ортада білім алуына жағдай жасайды.



– Жаңа мектептің ашылуы қаладағы басқа оқу орындарына түсетін жүктемені азайтуға септік етті. Атап айтқанда, сол жағалаудағы №75 мектеп-гимназия мен №45 орта мектеп оқушылары бізге ауысты. Бүгінде мектебімізде бүгінгі күнде екі ауысымда 2690 оқушы білім алады. Оларға 185 педагог білім береді. Оның ішінде 4 педагог-шебер, 26 педагог-зерттеуші, 26 педагог-сарапшы бар. 1 үздік педагог, 5 «Ы. Алтынсарин төсбелгісінің» иегері, 1 «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» жұмыс істейді. Педагогтер оқушылармен «Салауатты тамақтану», «Толағай», «Түлектерден алғыс», «Мейірімді мектеп», «Сен және мен», «8-минуттық оқу», «Адал азамат» бағдарламасы аясындағы», «SMART BALA», «Шабыт», «Ұшқыр ой алаңы», «Балалар кітапханасы», «Еңбегі адал – жас өрен» жобалары бойынша жұмыс істейді, – дейді мектеп директоры, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог модератор, 1 санатты басшы Нұртас Жағабаев.

Мектеп аумағында қауіпсіздік мәселесі жоғары деңгейде шешіліп, 219 бейнебақылау камерасы, оның ішінде 28-і сыртқы, 191-і ішкі жағына орнатылған. Кең дәліздер оқушылардың еркін қозғалуы үшін өте қолайлы. Жаңа модификациядағы кабинеттер заманауи техникамен жабдықталған, әсіресе химия, биология, физика, робототехника, STEM кабинеттері, «Дизайн және технология», «Тамақтану мәдениеті», «Бейнелеу өнері», «Графика және дизайн», «Үйдегі мәдениет», 94 оқу кабинеттері бар. Әр оқу кабинеттері жеке дербес компьютермен және принтерлермен жабдықталған, мектепте 89 интербелсенді панель орнатылған. 440 орынға арналған акт залы, 440 орынға арналған асхана, 50 орынға арналған кітапханада оқу залы, заманауи жабдықталған медициналық кабинет жұмыс істейді. Ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған әр қабатта екеуден барлығы 10 арнайы дәретхана, 5 көтергіш, 1 лифт бар, дәліздерде сары тактильді жолақтар және арнайы жабдықталған екі кабинет ашылған. Қазір мектепте ерекше білімді қажет ететін 56, сонымен қоса үйден жеке оқытылатын 9 оқушы білім алуда. 2 үлкен, 2 кіші спорт залы, 1 хореография залы да спортпен айналысуға және дене шынықтыру сабақтарына өте ыңғайлы. Мұндай мектепте білім алған жастардың келешегі кемел, болашағы жарқын болары сөзсіз. Тек сол мүмкіндікті толық пайдаланып, уақыт барда сапалы білім алу ғана керек.

ҚАНДАСТАР ЕЛ ҒЫЛЫМЫН ӨРКЕНДЕТЕ МЕ?

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



Бейресми дерекке сүйенсек, қазір әлемнің 50-ден астам елінде 8 миллионға жуық қазақ өмір сүріп жатыр. Соңғы жылдары білім іздеп, кәсіп қуып немесе жаңа мүмкіндікке ұмтылып шетел асқан жастардың көбейгенін ескерсек, сыртта жүрген қазақтың қатары жыл сайын артып келе жатқаны анық. Бұл бір жағынан жаһандық үрдіс болса, екінші жағынан әлемнің әр түкпірінде тарыдай шашылған қазақ баласының білімі мен тәжірибесін ел игілігіне бағыттайтын жаңа тетіктер қажет екенін көрсетеді. Себебі шетелде жүрсе де, жүрегі «қазақ» деп соғатын әрбір зерттеуші – елдің интеллектуалдық әлеуетін күшейтетін зор күш. Осы тұрғыдан алғанда, әлемнің әр түкпірінде жүрген қазақ ғалымдарын Қазақстанға шақыру – бүгінде стратегиялық маңызы бар міндеттің бірі. Осы мақсатта жақында Назарбаев университетінде «Отандас ғалымдар форумы» өтті.

> «Отандастар қорының» төрағасы Данияр Қадыров жиын барысында шетелдік және отандық ғалымдар ғылыми жобаларын таныстырып, инновациялық шешімдер мен технологияларды Қазақстан экономикасына және ғылымына енгізу жолдары қарастырылатынын, осы арқылы ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты күшейтуге ден қойылатынын айрықша атады

Сыртқы істер министрлігінің қолдауымен «Отандастар» қоры тұңғыш рет ұйымдастырған игілікті басқосуға АҚШ, Оңтүстік Корея, Франция сынды 12 елден 40-тан астам ғалым қатысып, баяндама жасап, өз ойын ортаға салды. Шетелде еңбек етіп жүрген отандас ғалымдардың тәжірибесін елдің ғылыми-инновациялық дамуына тартуды, Қазақстанның зияткерлік әлеуетін халықаралық деңгейде танытуды мақсат қылған жиынға еліміздің әр саласында қызмет істеп жүрген ғалымдар қатысып, шетелдік әріптестерімен өзара пікір ауысуға үлкен мүмкіндік тапты.

Жиналыстың ашылуына қатысып, сөз сөйлеген Сыртқы істер министрлігі Халықаралық ақпарат комитетінің төрағасы Айбек Смадияров басқосудың маңызын айрықша атап, қандас ғалымдарды ортақ мақсатқа ұйыстыратын мұндай алаң ел ғылымын жаңа белеске көтеруге жол ашатын стратегиялық бастама екенін жеткізді. Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов еліміздің ғылым-білім саласын жаңғырту мен халықаралық ынтымақтастықты кеңейтудің маңызына тоқталса, Назарбаев университетінің президенті Ахмад Вакар: «Бұл форум – жай ғана академиялық пікір алмасу емес, білім, ұлттық болмыс және елдің дамуы тоғысқан маңызды алаң. Қай елде өмір сүріп, қай жерде еңбек етсе де, түпкі тегі ортақ, Қазақстанның болашағына бей-жай қарамайтын отандас ғалымдарды бір арнаға тоғыстырған жиын. Бүгін біз шекарадан тыс интеллектуалдық байланыстың қуатын көріп отырмыз. Германия, АҚШ, Жапония, Түркия, Корея, Моңғолия және басқа да елдерден келіп отырған ғалымдар қазақ ғылымының жаһандық деңгейдегі әлеуетін айқын көрсетеді. Сіздер талқылайтын жасанды интеллект, жасыл энергетика, цифрлық медицина, қоғамдық денсаулық, инновациялық материалдар, мал шаруашылығын тұрақты дамыту сияқты мәселелер – ғылыми тұрғыдан маңызды әрі Қазақстанның болашақ дамуы үшін шешуші бағыттар» деді ол.



«Отандастар қорының» төрағасы Данияр Қадыров жиын барысында шетелдік және отандық ғалымдар ғылыми жобаларын таныстырып, инновациялық шешімдер мен технологияларды Қазақстан экономикасына және ғылымына енгізу жолдары қарастырылатынын, осы арқылы ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты күшейтуге ден қойылатынын айрықша атады.

Форум аясында «Отандастар қоры» мен Қазақстан Жазушылар одағы бірлесе ұйымдастырған «Ұлы дала» халықаралық жобасы бойынша биыл жарық көрген шетелдік 9 жазушының кітабының тұсауы кесілді. Айта кетейік, 2023 жылдан бастап қолға алынған жоба бойынша қазірге дейін шетелдік 30-ға жуық жазушы, зерттеушінің кітабы жарық көрді. Ал биылғы байқауға Өзбекстан, Моңғолия, Қытай, Ресей елдерінен 30-дан астам шығарма келіп түскен.

Ашылу рәсімінен кейін пленарлық отырыс басталды. Отырыстың беташар сөзін Назарбаев университетінің профессоры, нейробиология саласының білікті маманы Тұрсынжан Тоқай «Еліңізге ғылым әкеліп, халық үшін еңбек етіңіз» тақырыбымен ашты.

«Мен сөзімді ғалым ретінде емес, өз елімнің патриоты ретінде айтқым келеді. Өйткені мен шетелден атажұртқа оралған алғашқы ғалымдардың бірімін. 1999 жылы Қытай ұлттық стипендиялық кеңесінің грантын жеңіп алып, Франциядағы Руан қаласындағы зертханада ғылыми қызметкер ретінде жұмысымды бастадым. 2004 жылдың қазан айында нейробиология ғылымдарының докторы атандым. 2005 жылдан бастап Германияда қызмет істеп, биомедициналық оқыту және зерттеу саласында елеулі жетістіктерге қол жеткізіп, әлемге танымал ғылыми журналдарда ағылшын тілінде 27 ғылыми мақала жариялядым. Шетелде барлық мүмкіндік бар, жақсы өмір сүріп жүрсем де, өз елімнің ғылымына үлес қосу үшін 2014 жылдың шілде айында Қазақстанға келдім. Көп ұзамай Назарбаев университетінің «Өмір туралы ғылымдар орталығына» ғылыми жетекші болып тағайындалдым. Қазір, негізінен, биомедицина саласындағы зерттеулерді басқарып, зерттеу жүргізіп жатырмын. Назарбаев университетінде мен 3 кәсіби саланы жетілдірдім, қазірге дейін 12 ғылыми жоба ұсынып, соның 6-уын ұтып алдым. Бұл – өз елімнің маған берген мүмкіндігі. Сондықтан мен осында отырған ғалымдарға «өз еліңе келіп еңбек ет, Қазақстан сіздерге мұқтаж. Біздің елде мүмкіндік бар, тек адами капитал жетіспейді» деді.

Отырыста АҚШ, Ресей, Германия, Франция, Финляндия, Индонезия, Жапония, Оңтүстік Корея, Түркия, Моңғолия, Өзбекстан, Қытай елдерінен келген ғалымдар өз зерттеулерін таныстырды. Қатысушылардың баяндамалары жасанды интеллект пен кванттық технологиялар, ядролық энергетика, медицинадағы озық технологиялар, жасыл энергетика, дәстүрлі жайылым шаруашылығы мен агроинновациялар, биометрия және когнитивті ғылымдар, әлеуметтік және психикалық денсаулық, сондай-ақ балалар мен жастарға арналған халықаралық білім беру экожүйесінің дамуы секілді маңызды ғылыми бағыттарды қамтыды.

ПАРАСАТ БИІГІНДЕ



Баласағұндық Жүсіптің «Құтадғу білік» еңбегінде мәртебелі мандық иелері төңірегінде: «Ұстаз-ғалымдар қауымы – халыққа ғылымымен жарық берушілер. Оларды қатты жақсы көр, сөзін құрметте. Көп болсын, аз болсын, білімін үйрен» дейді. Мыңжылдықты артқа тастап айтылған сөз болса да, құндылығы сол қалпында. Бүгін осындай мәңгілік мәнін жоймайтын сөздің алтын арқауына айналған ұстаз-ғалым жайлы сөз қозғамақпыз.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультеті телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор, филология ғылымдарының кандидаты Гүлмира Әшірбекова өмір жолын медиаөндірісте қызмет ететін білікті мамандар даярлауға арнап келеді. Ұстаз-ғалымның ғұмырдариясы өзі еңбек еткен саланы дамытуымен, оған жаңа леп әкелуімен мәнді.

Алдымен Гүлмира Шайтмағанбетқызының жастығының куәсі, альма-матері – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіне тоқталғанымыз жөн болар. Темірбек Қожакеев, Тауман Амандосов, Намазалы Омашев, Қырықбай Алдабергенов, Кәкен Қамзин, Камал Смайылов, Бауыржан Жақып, Бауыржан Омаров сынды марғасқалардың мектебінен өткен білімге құштар жанның осал болуға да хақысы жоқ еді. Қазақ журналистикасының тарихын, қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдарын бір ізге түсіріп, БАҚ-тың әр тармағын зерттеу нысанына айналдырған, жанр мен пішінді жіктеген ғалымдар ғылымның шырмауық жолында адаспай, өзінен кейінге буынға жол көрсете білді. Ұсталар шеберханасының талабы да қатал болатын. Сол сыннан сүрінбей өткен алғыр шәкірт бакалаврда ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Омаровтың жетекшілігімен диплом жұмысын, көптің тісі батпайтын, ел талапшылдығын аңыз қып айтатын Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, филология ғылымдарының докторы, әйгілі ғалым Темірбек Қожакеевтің жетекшілігімен магистрлік жұмысын қорғады.

Қазақ ұлттық университетінен журналистиканың бакалаврын, магистратурасын үздік тәмамдаған Зухра Нұрмағанбетова, Гүлмира Әшірбекова, Асыл Оразова, Аягөз Әбдіразахова Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының жанынан ашылған журналистика мамандығының қазығын қақты.

2007 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Жақыптың жетекшілігімен «А.Тоқмағамбетовтің публицистикасы» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын табысты қорғап, ғылымдағы жолын мөрледі.

Жоғары оқу орны қабырғасында «Қазақ журналистикасының тарихы», «Сыр журналистикасының тарихы мен тәжірибесі», «Публицистикалық шығармашылық негіздері», «Журналистік шеберлік», «Мультимедиалық журналистика» секілді пәндерден дәріс оқыды. Ұлт қайраткерлерінің жанкешті әрекеттері мен шығармашылық мұрасы, публицистикалық шеберхана, жазу машығы, заманауи журналистік трендтер төңірегіндегі құнды ізденістері мен пікірлері шәкірттерінің санасына сәуле түсірді. Шәкірт тәрбиелеумен қатар, Сыр руханиятының дамуына да сүбелі үлес қосты. «Сырдария кітапханасы» сериясымен жарық көрген 200 томдық жинақтың редакторы болды. 2012-2014 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыруы бойынша «Сыр өңірі журналистикасы: тарихы, қалыптасуы, даму кезеңдері» ғылыми жобасы аясында аймақтық журналистикаға қатысты тың деректерге қол жеткізіп, оны ғылыми айналымға енгізді.

Қорқыт ата атындағы университетте дәріс оқи жүріп, баспасөзбен байланыстан да қол үзген жоқ. Республикалық педагогикалық, ғылыми-әдістемелік «Тағылым», «Тұрмағамбет», «Базар жырау» журналдарында жауапты хатшысы, бас редактордың орынбасары ретінде қолтаңбасын қалдырды. Сондай-ақ республикалық Alashinform.kz ақпарат агенттігінде қызмет етіп, заманауи редакцияның жұмысын жандандырды, конвергентті редакцияға тән дағдыларды меңгертті. Мәдени мұрамызды жаңғыртуға бағытталған Қызылорда облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының «Ақпарат толқыны» бөлімін екі жыл басқарды.

2019 жылы алғашқы астанамыздан бүгінгі астанамызға көш түзеді. Елорда төріндегі ұлттық университеттің баспасөз және баспа ісі кафедрасының меңгерушісі қызметіне келді. Жаңа ғылыми ортаға жаңа серпін әкелді. Атап айтсақ, «Медиаөнер» білім беру бағдарламасын әзірлеу арқылы өнермен сабақтас журналистикаға қызыққан студенттерді бір ортаға жинады. Биыл осы мамандықтың алғашқы қарлығаштары қанат қағады. Сонымен қатар аталмыш білім беру бағдарламасына және халықаралық журналистикаға сұраныс артуына байланысты олардың магистратурасын ашты.

Қауымдастырылған профессор бүгінде 50-ге жуық ғылыми еңбектің авторы. Шәкірттерінің жүрегінен жол таба білген ұстаздың айналасын қаумалай, құнды кеңестеріне құлақ түретін студенттері де баршылық. Басты бағдаршамымыздың қамқорлығы, ғылым жолындағы жаңашырлығы, бағыт-бағдар беруінен нағыз ұстаз бейнесінің қандай болатынын ұғындық.

Гауһарай ЕСІМОВА

№139 (4883) 25/11/2025 Сейсенбі

«ЖАН ШУАҒЫН» СЫЙЛАДЫ

Елордада Amanat партиясының қолдауымен, «Қазақстан мүгедектер конфедерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен «Кедергісіз келешек» жобасы аясында жыл сайын ұйымдастырылып келе жатқан XVIII «Жан шуақ» қоғамдық сыйлығын табыстау салтанаты өтті. Салтанатты іс-шараға Сенат, Мәжіліс депутаттары, министрлер, қоғам қайраткерлері қатысты.



– «Жан шуақ» алдағы уақытта да жалғасады. 18 жыл ішінде мыңдаған қатысушы өмір дерегімен бөлісіпті. Сыйлыққа ие болған 128 жүлдегер мыңдаған тұрғынның жүрегіне үміт отын жақты. Жыл сайын жаңа есімдер, жаңа қаһармандар пайда болуда. Қазіргі таңда «Жан шуақ» байқауы елімізде ғана шектелмей, шетелдерде де таралып жатыр. Өйткені ізгілікте шекара болмайды. Келесі жылдан бастап «Жан шуаққа» халықаралық мәртебе беріледі, – деді Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов.

«Рухының биіктігі мен жеңіске деген талпынысы үшін» номинациясы бойынша Меруерт Жакупова, «Мүгедектігі бар адамдарға қатысты қоғамдық сананың оң өзгеруіне қосқан үлесі үшін» номинациясы сыйлығына Хамит Исмұратов ие болды. Ал «Игілік жолындағы ерен еңбегі үшін» номинациясымен Нұрбек Тұрғанов марапатталды. «Ғылым, білім беру қызметінің дамуына үлес қосқаны үшін, білім алуға талпынысы үшін» номинациясының жүлдесі Юлия Шаршоваға бұйырды. «Спорт саласындағы үздік жетістіктері үшін» номинациясының сыйлығы Никита Ермаковқа табыс етілді. Құрбанәли Абуов «Мәдениет саласындағы үздік жетістіктері үшін» номинациясының жүлдегері атанды. Кенжегүл Кикенова «Өнер саласындағы үздік жетістіктері үшін» номинациясының жүлдесіне ие болды. Иран Омарбеков атындағы қоғамдық қорының арнайы номинациясымен Әли Тұрғанбеков марапатталды. Жүлдегерлерге естелік сыйлық пен 1 миллион теңгенің сертификаты табыс етілді.

МІРЖАҚЫП МҰРАСЫ МЕН ТҰЛҒАСЫ

Астана қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі қазақ әдебиетінің классигі, Алаш қайраткері, ағартушы, көсемсөз шебері Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына арналған іс-шараларды өткізді.

Мұхтар Әуезов атындағы Орталық қалалық кітапхана ұйымдастырған «Міржақып Дулатов – халықты оятқан ақын» атты әдеби кеште ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы бейнематериалдар көрсетілді. Онда «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағының мазмұны ашылып, негізгі идеясы талқыланды. Қазақтың тұңғыш романы «Бақытсыз Жамал» туралы ой қозғалып, романнан қойылым көрсетілді. Бейнематериалдар арқылы Міржақыптың қызы Гүлнәр Дулатова мен алаштанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы Тұрсын Жұртбай ақын өмірі жайлы тың деректер айтқан деректі фильмнен үзінді ұсынылды. Мағжан Жұмабаев атындағы халықаралық жоғары колледжінің студенттері іс-шараға белсенді қатысып, өлеңдерді оқыды. Кітап көрмесіне шолу жасалып, ақынның кітаптары таныстырылды.

Ал №12 көпшілік кітапхана Міржақып Дулатұлының 140 жылдық мерейтойы аясында «Ұлт рухының шамшырағы» атты ашық әдеби дәріс өткізді. Ұлт бірлігінің ұранына айналған «Оян, қазақ!» кітабы мен тұңғыш қазақ романының авторы, көрнекті қаламгер Міржақып Дулатұлы туралы міржақыптанушы, тарих ғылымдарының докторы Марат Әбсемет мазмұнды дәріс оқыды. Ол Міржақып Дулатұлының өмір жолы, шығармашылық мұрасы, бастан кешкен қиыншылықтары және «Оян, қазақ!» кітабының жарыққа шығу тарихы жөнінде кеңінен ақпарат берді.

Марат Әбсемет – Міржақып Дулатұлы туралы ғылыми диссертация қорғаған тұңғыш ғалым. Ол осы тақырыпқа қалай келгенін әңгімелеп, Міржақыптың сүйегін Карелиядан елімізге әкелу тарихына тоқталды. Міржақыптың шығармалары ерте кезден шет тілдеріне аударылып, жарық көре бастағанын, ғалым Түркияда болғанда бір ақсақал өткен ғасырдың 30-жылдары шыққан түрік тіліндегі «Бақытсыз Жамал» кітабын ұсынғанын, жапон ғалымы Уяма Томохико 1992 жылы Хоккайдо қаласында Міржақып Дулатұлы шығармашылығынан диссертация қорғағанын жеткізді.

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Руханият» мекемесінің басшысы, ақын Арман Шеризат Міржақыпқа арналған жырын оқыды. Іс-шараға бір топ студент қатысып, ойын ортаға салды, спикерге сұрақтар қойды, Алаш арысына арналған өлеңдерін оқыды. Жиын соңында ғалымға кітапхана атынан алғыс хат тапсырылды.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ТҮРКІ ӘУЕНІ: ТАМЫР МЕН ҮН

Бас қалада алғаш рет өтіп жатқан «Әлем әуені» халықаралық өнер фестивалі түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасын бір алаңға жинады. Іс-шараға Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Дархан Қыдырәлі, Түркі мәдениеті және мұрасы қорының президенті Ақтоты Райымқұлова, Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы Ерлан Дәкенов және Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен қатысты.



Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен құттықтау сөзінде фестивальдің рухани және мәдени маңызын атап өтті.

«Бұл фестиваль – түркі халықтарының ортақ рухани мұрасын қайта жаңғыртып, оны кеңінен насихаттауға бағытталған маңызды алаң. Бұл іс-шара – бауырлас елдердің өнерпаздарын біріктіріп, мәдени байланыстарды тереңдететін жарқын қадам. Осы фестиваль арқылы түркі өркениетінің ежелгі дәстүрлері мен заманауи бағыттары тоғысып, біздің рухани сабақтастығымызды одан әрі нығайтады» деді Есет Байкен.

Фестиваль барысында «Тамыр мен үн: түркі аспап жасау дәстүрі және заманауи шешімдер» атты халықаралық симпозиумның пленарлық отырысы өтті. Онда ұлттық музыкалық аспаптардың тарихи қалыптасуы, өңірлік ерекшеліктері және дәстүрлі технологиялардың қазіргі кезеңдегі қолданылуы талқыланды.

Фестивальға түркі мемлекеттерінен 60-тан астам өнерпаз, зерттеуші, музыкатанушы және дәстүрлі аспап жасаушы шеберлер қатысуда. Бағдарлама түркі халықтарының бай музыкалық мұрасын сақтау және заманауи форматта танытуға бағытталған.

25 қараша, яғни бүгін Өнер музейінде музыкалық аспап жасауға арналған тәжірибелік сабақтар өтеді. Сонымен қатар Жастар сарайында өтетін гала-концертпен қорытындыланады. Концертте дәстүрлі ән-күй мен этно-бағыттағы заманауи шығармалар ұсынылады.

ТӘТТІМБЕТ ЖӘНЕ САРЫАРҚА САЗДАРЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның қазақ оркестрі шертпе күйдің атасы Тәттімбет Қазанғапұлының туғанына 210 жыл толуына арналған «Сарыарқа саздары» атты күй кешін өткізді.

Бұл кеште Тәттімбеттің күйлерімен қатар оның ізбасарлары Сайдалы Сары Тоқа, Қыздарбек, Сембек, Әшімтай, Дайрабай, Әбікен Хасенов, Аққыз (Мүгүлсім) Ахметқызы, Мағауия Хамзиннің күйлері шертілді. Тәттімбеттің өмірі мен шығармашылығын зерттеп, «Сарыарқа саздары» атты энциклопедиялық еңбек жазған дәулескер күйші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры Біләл Ысқақов осы кешті жүргізіп, күй шертті.

Жуырда Түркияның Алания және Анкара қалаларында Тәттімбеттің 210 жылдығына арналған концерттер өтті. Оған шертпе күй шеберлері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Жанғали Жүзбай мен Қайрат Айтбаев қатысып, өнер көрсетті. Қос күйші осы кеште де күйлерді күмбірлетті. Сондай-ақ күйші, өнертанушы Ахат Байбосынов та Сайдалы Сары Тоқаның «Сарыжайлау» күйін бебеулетті.

Қазақ оркестрі ұжымның көркемдік жетекшісі – бас дирижері, Қазақстанның халық әртісі Айтқали Жайымов пен дирижері, Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекеновтің жетекшілігімен күйлерді орындады. Соңғысы Тәттімбеттің «Азамат қожа» атты күйін де тартып берді. Оркестр музыканттары Жанар Жүсіпова Тәттімбеттің «Бес төре» күйін қобызбен сарнатса, Ботагөз Тәшімова сымқобызбен «Секіртпені» сарнатты. Домбырашылар Мұхит Салыбеков «Қосбасардың» екінші түрін, Сағи Баймұхат «Бастау Қосбасарды» шертті.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 139
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ